

Маңғыстау облысы бойынша "Үздік ауыл әкімінің аппараты" рейтингі жеңімпаздары ауыл әкімдері аппараттары қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемақыларын белгілеу туралы

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2025 жылғы 12 желтоқсандағы № 24/282 шешімі "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Маңғыстау облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Маңғыстау облысы бойынша "Үздік ауыл әкімінің аппараты" рейтингі нәтижелері негізінде ауыл әкімдері аппараттары қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемақылары белгіленсін:

- 1) бірінші орын үшін – әр қызметкерге 6 (алты) лауазымдық жалақы;
- 2) екінші орын үшін – әр қызметкерге 4 (төрт) лауазымдық жалақы;
- 3) үшінші орын үшін – әр қызметкерге 2 (екі) лауазымдық жалақы.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Маңғыстау облыстық мәслихаттың төрағасы Ж.Матаев